



«Бекітемін»

Жараткел негізгі орта білім беретін

мектебінің директоры: Г.А.Алина

№ 1 «31» тамау 2022 жыл

Пед. кеңесте каралды



«Келісемін»

Аудан білім бөлімінің

басшысы: Б.Д.Сейлханов

«12» \_\_\_\_\_ 2022 жыл

«Жаһандық құзыреттілік»

(8 сынып)

Сыныбы: 8

Орындады: Алина Г.А

(курс жетекшісі)

№ 1 хаттама «27» тамау 2022 жыл

Ә/Б отырысында каралды: Сапиева Н.К

(Ә/Б жетекшісі)

Тексерілді: Жиеналы М.А

(Оқу ісінің меңгерушісі)

## ТҮСІНІК ХАТ

2022 – 2023 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 8 сынып сыныпқа «Жаһандық құзыреттілік» курсы енгізілді.

Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық, және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

**Күтілетін нәтиже:** «Жаһандық құзыреттілік» курсы бес бірлікті қамтиды және күтілетін нәтижелер жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған:  
Бейнеролик дайындау

- *Жағдаяттық есептерді шешу*
- *Бейнеролик дайындау*
- *Рөлдік ойыны*
- *Әлеуметтік жоба қайырымдылық челлендж*
- *Зерттеу жұмысы*
- *Стартаптар*
- *Зерттеу жұмысы*

## Мазмұндық бөлім

Курс бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген алты бөлімнен тұрады.

«Парасаттылық және әдеп» юниті білім алушылардың бойында әдептілік, тілектестік, адалдық, толеранттылық, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білу және мінез-құлық мәдениетінің жоғары стандарттарын білдіретін жеке қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

«Азаматтылық және патриотизм» юниті қазақстандық қоғамның бірдей кодын және мемлекеттілікті құрметтеуді, азаматтық ұстаным мен жауапкершілікті қалыптастыруды, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасын, отбасындағы өзара көмекті, халықаралық сананы қалыптастыруды насихаттайды.

«Медиа және қаржылық сауаттылық» юнитінде медиакеңістік және қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарымен және заңдылықтарымен танысады. Қоғамда белсенді өмір сүріп, әлеуметтену үшін қажетті дағды түрлерін қарастырып, ақпаратты талдау, бағалауды дамытады. Білім алушылар ақпаратпен жұмыс істеуге, материалдарды бағалауға, талдауға, жалған мәлімет пен насихатты ажырата білуге үйренеді. Қаржылық сауаттылық туралы білімдері кеңейіп, сауаттылық неден басталатыны, еңбегі арқылы жетістікке жеткен адамдар туралы ақпарат жинақтап, отбасылық бюджетті қалай үнемдеуге болатыны туралы өмірмен байланысты білімдерін дамытады. Білім алушылар қаржылық сауаттылықты жеке қаржылық әл-ауқатқа жету құралы ретінде пайдалану арқылы әлемдік экономикалық кеңістікке кірігеді.

«Өмір қауіпсіздігі» юниті адам өмірі мен денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, даралықты, жеке өмірге қол сұқпау және құпиялық құқығын сақтауға, қорқыту мен зорлық-зомбылықтан қорғану, адам өмірін сақтап қалу жолдарымен танысуға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» юнитінде білім алушылар экологияның негізгі заңдылықтарымен танысады. Өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа жағымды көзқараста болып, ұқыппен қарауды үйренеді. Табиғатты пайдаланудың моральдық-құқықтық принциптерін сақтайды. Қоршаған ортаны қорғау іс-шараларын белсенді жүргізетін, биосферадағы байланыстарды бұзушыларға қарсы, сондай-ақ экологиялық санасы дамыған әлеуметтік-бағдарлы тұлғаны қалыптастырады.

### **Нормативтік бөлім**

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).



**«Жаһандық құзыреттіліктер» курсының ұзақ мерзімді жоспары**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім)
<b>Парасаттылық және әдеп</b>				
1	Махаббат мәдениеті	<b>3</b>	09.09	Бейнеролик дайындау «Досыңызды кафеге шақырыңыз» рөлдік ойыны Жағдаяттық есептерді шешу
2	«Елің үшін еңбек қыл, отыра берме бекерге» (Дулат Бабатайұлы)		23.09	
3	«Жақсымен жолдас болсаңыз, айырылмасқа серт етер» (Бұқар жырау)		07.10	
4	«Ендігі туған балалар, атаңның сөзін бұзбаңдар!» (Шортанбай Қанайұлы)			
5	«Өзіңнен өзің есеп ал» (Абай)			
<b>Азаматтық және патриотизм</b>				
1	Толеранттылық деген не?	<b>3</b>	21.10	Әлеуметтік жоба қайырымдылық челлендж «Жақыныңа жанашыр бол»
2	Біз – біртұтас халықпыз!		11.11	
3	Отанға арналады		25.11	
4	Елім деп сокқан жүрегім!			
<b>Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық</b>				
1	Бейнехостинг (YouTube)	<b>4</b>	09.12	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Рөлдік ойындар Схемаларды құру Конкурс
2	Прокрастинация		23.12	
3	Отбасылық табыс		13.01	
4	Жинақтау. Қалта ақшасы		27.01	
5	Отбасылық шығындар			
6	Тұрғын үй несиесі. Ипотека			
7	Жоспарсыз сатып алу			
8	Отбасы бюджетін жүргізу ережесі			
9	Жинақ жасау түрлері			
<b>Тіршілік қауіпсіздігі</b>				
1	Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік	<b>5</b>	10.02	Зерттеу жұмысы Жағдаяттық есептерді шешу Стартаптар
2	Жауапты мінез-құлық және инфекцияның алдын-алу		24.02	
3	Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы		10.03	
4	Зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділік		31.03	
5	Жеке тұлғалықты сақтау құқығы		14.04	
6	Алғашқы көмек көрсету ережесі			
<b>Экологиялық мәдениет</b>				
1	Табиғатқа деген сүйіспеншілік	<b>3</b>	28.04	Стартаптар Дөңгелек үстел (Олажас Сүлейменовтың «Бөлтіріктер» поэмасын талқылау) Зерттеу жұмысы Аргументтік эссе Экологиялық акциялар «Табиғатты қорғау біздің қолымызда!»
2	Болашақта жер қандай болуы керек?		12.05	
3	Табиғи апаттар		26.05	
4	Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік			

### **Ақпараттық – әдістемелік бөлім**

Жаһандық құзыреттілік курсы білім алушылардың этикалық мәдениетін дамытуға, нақты өмірлік жағдайларға мінез-құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануға, социумдағы табысты өзара іс қимылға, ахуалды сыни талдау және жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

## Пайдаланылган әдебиеттер

### *Мұғалімдерге арналған*

1. <https://www.amnesty.org/en/documents/act30/2621/2015/en/>
2. <https://schoolsonline.britishcouncil.org/classroom-resources/list/riversworld>; <http://www.riversoftheworld.org>.
3. [https://www.youtube.com/watch?v=UsV0BFUItvw&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=2](https://www.youtube.com/watch?v=UsV0BFUItvw&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=2)
4. [https://www.youtube.com/watch?v=W61g76UKdtA&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=8](https://www.youtube.com/watch?v=W61g76UKdtA&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=8)
5. [https://www.youtube.com/watch?v=q4gGfzwLudg&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=11](https://www.youtube.com/watch?v=q4gGfzwLudg&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=11)
6. <https://www.globalcitizen.org/en/>
7. [https://www.youtube.com/watch?v=iixwiEBiJol&list=PLyjVMFi4TYVcpWfGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=10](https://www.youtube.com/watch?v=iixwiEBiJol&list=PLyjVMFi4TYVcpWfGY_V_EKQzki2UWyuN&index=10)
8. [https://www.youtube.com/watch?v=LgQpKDgu2so&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=3](https://www.youtube.com/watch?v=LgQpKDgu2so&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=3)
9. <http://www.schrockguide.net/uploads/3/9/2/2/392267/critical-thinkingworkbook262>

### *Оқушыларға арналған*

1. <https://www.teachingenglish.org.uk/article/global-citizenship-englishlanguage-classroom>
2. [https://www.youtube.com/watch?v=mJC8euBYDIk&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=5](https://www.youtube.com/watch?v=mJC8euBYDIk&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=5)
3. <https://solutionfluency.com/en/downloadables/pbl-ideas-book>
4. <https://solutionfluency.com/en/downloadables/sf-quickstart-skills-guide>
5. <https://asiasociety.org/education/teaching-global-competence-rapidlychanging-world>
6. <http://www.oxfam.org.uk/education/teacher-support/tools-andguides/controversial-issues>
7. [https://www.youtube.com/watch?v=DyM\\_sdX8znY&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=24](https://www.youtube.com/watch?v=DyM_sdX8znY&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=24)
8. <http://www.innovationunit.org/wp-content/uploads/2017/04/Work-ThatMatters-Teachers-Guide-to-Project-based-Learning>
9. <http://unesdoc.unesco.org/images/0019/001929/192971e>
10. [https://www.youtube.com/watch?v=QvQMh5U9hb8&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=21](https://www.youtube.com/watch?v=QvQMh5U9hb8&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=21)
11. [https://www.youtube.com/watch?v=n3dh6pCWYUc&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY\\_V\\_EKQzki2UWyuN&index=18](https://www.youtube.com/watch?v=n3dh6pCWYUc&list=PLyjVMFi4TYVcpW-fGY_V_EKQzki2UWyuN&index=18)